

● ПРЕЗИДЕНТ

АУЫЛДЫ ҚОЛДАУ ЖАЛҒАСА
БЕРЕДІ

Мемлекет басшысы Алматы облысына жасаған жұмыс сапары аясында Қарасай ауданында өткен «Ауылдым – алтын бесігім» атты форумға қатысты.

Жиналғандарға сөз арнаған Нұрсұлтан Назарбаев бүгінде ел азаматтары үшін бүкіл әлемге есік ашық екенін, бірақ Қазақстан баршаның қайта оралуға тырысатын орны болып қала беретінін атап өтті.

– Қазақстандықтардың еңбегінің арқасында біздің республикамыз тарихи тұрғыдан қысқа мерзім ішінде ғаламат табыстарға жетті, Тәуелсіздігін нығайтып, танымал әрі беделді елге айналды. Бүгінде біздің ынтымағымыздан өзге мемлекеттер үлгі алып жатыр. Мен үшін бүкіл Қазақстан алтын бесік саналады, баршамызға да солай болуға тиіс. Адам өзінің балалық шағы өткен жерді ешқашан ұмытпайды. Ұшқоңыр – мен үшін осындай жер. Жетісудың саф ауасы мен салқын самалын басқа жерден табу қиын. Ғажайып табиғат, сүйікті тауларымыз жылдар өтсе де, бұрынғыдай керемет, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті ғылым мен өнердегі және басқа салалардағы көптеген көрнекті тұлғалардың ауылдан шыққанына назар аударды.

Елбасы мемлекеттің өңірлерді дамыту жөніндегі жүйелі саясатының нәтижесін бүкіл елден көруге болатынын айтты.

– Мен бұл өлкенің қалай гүлденіп келе жатқанын ұдайы назарымда ұстаймын және шын қуанамын. Былтыр Алматы облысында 20 мың жұмыс орны ашылды. Индустриаландыру бағдарламасы бойынша өңірде құны 283 миллиард теңге болатын 48 жоба жүзеге асырылды. Соңғы екі жылда жолдарды қалпына келтіруге бір миллиард теңгелен бөлінді. «Орталық – Оңтүстік» және «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» магистральдарының осы өңірдегі учаскелерінің құрылысына 50 мыңнан астам адам қатысатын болады. Былтыр облыста 27 денсаулық сақтау нысаны салынды, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев Алматы облысының әлеуметтік ахуалы жақсарғанын атап өтті.

Мемлекет басшысы ауылға деген қамқорлық елдің болашағына деген қамқорлықты білдіретінін айтты.

– Биыл мемлекеттік деңгейде атап өтетін тарихи даталармен бірге Сүйінбай ақынның да 200 жылдығы таяп келеді. Келер жылы Жамбылдың 170 жылдығы болады. Бұлар – осы өлкеде туған ірі тұлғалар. Өскелең ұрпаққа олардың өмірін үлгі ету үшін мерейтойларын атап өткен жөн, – деді Қазақстан Президенті.

Форум барысында Алматы облысы жұртшылығының өкілдері сөз сөйлеп, ауылды дамыту мәселесіне көңіл бөліп отырғаны үшін Мемлекет басшысына алғыс айтты.

● БРИФИНГ

ТАҒАМ ӨНДІРУШІЛЕРДІ
«ЭКСПО-2015» КӨРМЕСІ ШАҚЫРАДЫ

Үстіміздегі жылы Италия мемлекетінде «МИЛАН-ЭКСПО-2015» халықаралық көрмесі өтеді. «Планета үшін тағам, өмір сүруге қуат» тақырыбында өтетін бұл көрменің басты мақсаты әлем елдерінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін көтеруге бағытталған. Милан қаласында өтетін бұл ауқымды көрмені 2015 жылдың 1 мамыры мен 31 қазан аралығында 20 миллионнан астам адам тамашалайды деп күтілуде. «Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында өткен кезекті брифингте «Астана ЭКСПО-2017» қоры бас директорының кеңесшісі Римма Төжібаева Миланда болатын көрмеге қазақстандық агробизнес өкілдерінің қатысу мүмкіндіктері жайлы айтып берді.

Миландағы көрмеге 148 мемлекет қатысатын болса, соның ішінде Қазақстанға үлкен павильондардың бірі беріліп отыр. Елбасымыз Н.Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес, Қазақстанның Италиядағы көрмеде бірінші міндеті өзін аграрлық мемлекет ретінде таныстыру болса, екінші міндет «ЭКСПО-2017» көрмесін насихаттау болып табылады. Р.Төжібаева Миланда көрмені тамашалаушылар назарына агробизнес саласындағы әлемдегі барлық соңғы тың инновациялар және жаңа технологиялар ұсынылатынын жеткізді. Бұл осы салада жұмыс істеп жатқан кәсіпкерлердің бизнесін дамыту үшін жаңа идеялармен қарулануына зор мүмкіндіктер беретін болады. Өзінің мүмкіндіктерін таныстыра отырып, салаға инвестиция тарту бағытында жұмыс жүргізеді. Көрмеге қатысушылар өздері шығаратын өнімдердің модельдерін, суреттерін қою, дизайнын жасау арқылы таныстыра алады.

Р.Төжібаева елімізде наурыз айының екінші жартысынан бастап «Қазақстанда жасалған» акциясын қолдау мақсатында жалпыұлттық «Халық Маркасы» конкурсы басталғанын мәлімдеді. Бұл конкурс отандық тамақ өнімдерін өндірушілерді қолдау мақсатында жүргізілуде. Конкурсе жеңімпаздары тұтынушылардың онлайн дауыс беруі арқылы анықталады. Номинациялар бойынша үздік болып танылған 30 жеңімпазды марапаттау 2015 жылғы 16 қазан күні Миландағы «ЭКСПО-2015» көрмесіндегі Қазақстан павильонында өткізіледі. Жеңімпаздар көрмеге тегін барады. Жалпы осы көрмеге қатысамын деген кәсіпкерлерге көптеген жеңілдіктер қарастырылып отырғаны туралы брифингте айтылып өтті.

Ал жобаға қатысатын дөрушілер конкурсы талаптарымен танысып, топтырған бланкілерін halykmarkasy@mail.ru электрондық поштасына жібере алады.

Ыдырыс ТӨЖІҒҰЛЫ.

ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР ЖӘНЕ
ҚАЛА ҚОНАҚТАРЫ!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне, 7 мамыр – Отан қорғаушы күніне, 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай Қызылорда облысы бойынша ұйымдастырылатын мерекелік іс-шараларға қатысуға шақырамыз.

Мерекелік іс-шаралар
БАҒДАРЛАМАСЫ

Қызылорда қаласы

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай облыстық музей қорындағы мемлекеттік наградалардан (медаль, орден, т.б.) және жергілікті қылқалам шеберлерінің туындыларынан «Тарих. Тағлым. Тағзым» атты көрме – 22 сәуір, 10 мамыр сағат 11.00. Көркемсурет галереясы.

«Жеңіске рух берген әндер» атты әскери және соғыс жылдарындағы әндерді орындаушы балалар хор жұмыстарының облыстық фестивалі – 28 сәуір, сағат 11.00. А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйі.

«Бір шаңырақ астында» атты әдеби-әуенді кеш – 28 сәуір, сағат 11.00. Ә.Төжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы.

«Бір халық, Бір ел, Бір тағдыр» атты мерекелік шара – 29 сәуір, сағат 10.00. Ә.Төжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы.

1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне арналған театрландырылған қойылым, этно-мәдени орталық өкілдерінің концертті, спорттық жарыстар, велоспешер – 1 мамыр, сағат 10.00. Орталық алаң.

Қалалық демалыс паркінің жаз маусымына салтанатты ашылу рәсімі – 1 мамыр, сағат 11.00.

Отан қорғаушы күніне орай «Сыр сұлтаны» байқауы – 4 мамыр, сағат 16.00. А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйі.

21

СӘУІР
СЕЙСЕНІ2015 ЖЫЛ
№57 (18945)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

www.syrboyi.kz

● ЖАҢА ЖОБА

ЕТ-СҮТ ӨҢДЕУ ОРТАЛЫҒЫ
өнімдерін экспортқа бағыттамақ

Мал мен егін – қазақтың ата кәсібі. Біздің облыста да мал мен егін шаруашылығы негізгі саланың бірі болып есептеледі. Соның ішінде аймағымызда соңғы жылдары төрт түлік малды өсіруге ерекше көңіл бөлінуде. Соның бір көрінісі мал шаруашылығын дамытуға тұрақты түрде мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде облыста мал басы айтарлықтай өсіп, олардан өнім өндіру тұрақтанып келеді. Өткен жылы асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, сондай-ақ мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттен бөлінген 1 млрд 524 млн теңге субсидия толқымтай игерілді. Биылғы жылға осы мақсатқа 2 млрд 250 млн теңге

қаржы бөлінді. Бұл қаржы өткен жылмен салыстырғанда 726,8 млн теңгеге немесе 47,7 пайызға артық екенін білдіреді.

Елбасының отандық өнімді өндіруді ұлғайта түсу тапсырмасына орай үстіміздегі жылы «Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін арттыру» жобасы аясында облыс бойынша 100 тонна ірі қара мал етін экспорттау жөнінде ҚР Ауыл шаруашылығы министрілігі мен «ҚазАгро» ҰБХ акционерлік қоғамы және облыс әкімдігі арасында ұшжақты меморандумға қол қойылды. Осы меморандумға сәйкес биылғы жылдан бастап алыс та жакын шетелдерге етті экспортқа шығару мақсатында Қызылорда қаласынан «Ет-сүт өңдеу орталығын» құру ісі қолға алын-



ды. Қазіргі күні бұл орталықтың құрылыс-монтаж жұмыстары толық аяқталып, оған қажетті құрал-жабдықтар алынуда. Сондай-ақ, өндірілетін ет өнімдерін экспорттауға келіссөздер де жүргізілуде.

Дегенмен де, сыртқа өнім шығарудың талаптары жоғары болатыны да белгілі. Соның ішінде ет өнімдерін экспорттау үшін буферлік аймақтар, яғни ауру ошақтары бар жерлер болмауы керек. Осы мақсатта облыста ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен тұрақтылықты сақтау үшін кең көлемдегі жұмыстар жүргізілді. Экспортқа шығаратын өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге орай халықаралық экспорттік биоросы облысымызға келіп, зерттеу

жұмыстарын жүргізді. Сөйтіп зерттеу нәтижесі бойынша халықаралық комиссия өзінің оң шешімін берді.

Енді бүгінде алдағы күзде іске қосылатын орталықты тұрақты түрде өніммен қамтамасыз ету мәселесі қолға алынуда. Соның бастысы биылғы тамыз айында Қазалы ауданындағы «Сыр маржаны» ЖШС 500 бас мүйізді ірі қара малына арналған мал бордақылау алаңын іске қосуды жоспарлап отыр. Сонымен қатар ет өндірісін дамыту мақсатында Жалағаш ауданындағы «МегаАгро» ЖШС мен Сырлария ауданындағы «Шағанжер» ЖШС «ҚазАгроөнім» АҚ арқылы 3 мың бас ірі қара малына арналған бордақылау алаңын салуды жүзеге асырады. Қазіргі күні бұл бордақылау алаңдарына қажетті жер телімі бөлініп, оның еметалық жобалау құжаттары дайындалуда. Сондай-ақ, бордақылау алаңдарында малды жұғымды мал азығымен қамтамасыз ететін «Жан-Арай Жем» ЖШС құрама жем шығаратын зауытты осы сәуір айының соңына дейін іске қосатын болады.

«Ет-сүт өңдеу орталығы» ЖШС директоры Қуат Шәкізадаевтың айтуына қарағанда, бұл орталық бұрынғы «Арзан» базарының негізінде ашылды. Қазіргі күні бұл жерде ет пен сүт өнімдерін өңдейтін орына бейімдеу жұмыстары жүргізілуде.

Негізі алдағы уақытта азық-түлік кешеніне айналатын бұл орталықта малды союдан бастап дайын өнім шығаруға дейінгі бар жұмыстар автоматтандырылған түрде іске асырылады. Соның ішінде мұнда таза халал өнімін шығару талаптары қатаң сақталады. Өйткені болашақта бұл орталықта өңделген ет пен шұжық секілді өнімдер Иран, Бахрейн, Біріккен Араб Әмірлігі мен Түркия секілді елдерге жөнелтіледі деп күтілуде. Сондай-ақ, мұнда Қытайдан алынатын құны 120 млн долларлық қондырғыда кептірілген сүт пен қымыз да шығарылатын болады. Ал бұл өнімдерге еуропалықтардың сұранысы жоғары. Өйткені осы кептірілген сүт өнімдері емдік қасиеттерімен ерекшеленетін көрінеді. Сонымен қатар кептірілген сүттің сапалық деңгейі, яғни майлылығы да жоғары болмақшы.

Сонымен, «Сыбаға» бағдарламасына орай облыстан етті экспортқа шығару алдағы күз айларынан бастап айтарлықтай арта түспек. Осы мақсатта жұмыс істейтін «Ет-сүт өңдеу орталығы» әлемдік стандартқа сай жартылай дайын өнімнің бірнеше түрін шығаратын болады. Ал оның іске қосылуымен ондаған адам жаңа тұрақты жұмыс орнымен қамтамасыз етіледі.

Айғалы ҚАРАБАЛАЕВ.

● ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ СТАНДАРТТАРЫНА КӨШУ

БАЙҚОҢЫРДА МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БІЛКІТІЛІГІН АРТТЫРУ БАСТАЛДЫ

Еліміздің білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында барлық оқушыларды сапалы біліммен қамтамасыз ету алға қойылған. Бұл бағдарламада Отандық білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігіне ендіру үшін педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне басты назар аударылған.

Елбасының Қазақстан халқына арнаған жыл сайынғы Жолдауларында Қазақстандық оқушылардың функционалдык сауаттылығын арттыруға, алған білімдерін күнделікті өмірде пайдалана алуларына айрықша көңіл бөлінген. Оқушылардың функционалдык сауаттылығын жетілдіру өз кезегінде мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруды қажет етеді. Қазіргі таңда мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру – білім жетілдіру курстарының басты міндеттерінің біріне айналуда. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі оның ұстаздық кәсіби шеберлігі, оқытудың жаңа әдістерін және инновациялық технологияларды сапалы меңгеруімен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл тұлға болса, оның құзыреттілік қабілеті де соншалықты кең болмақ.

Биылғы жылы облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың бас-

тамасымен Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы Үкіметтерінің арасында 2015-2016 оқу жылынан бастап Байқоңыр қаласындағы 6 қазақ мектебінің қазақстандық оқу стандартына көшу мәселесі шешілген болатын. ҚР Білім және ғылым министрлігінің келісімі бойынша Байқоңыр қаласындағы қазақ мектептері ұстаздарын қазақстандық білім беру жүйесі ерекшеліктерімен және Отандық білім жүйесінде кеңінен қолданылып жүрген жаңа технологиялармен таныстыру мақсатында 6-16 сәуір аралығында «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының ұйымдастыруымен «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында тарих пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбында тарих пәні мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттыру курсы өткізілді. Курсқа қала мектептерінен 25 тыңдаушы қамтылды. Жалпы, биылғы оқу жылының аяғына дейін физика, математика және қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған біліктілік арттыру курстарына барлығы 100 тыңдаушы қамтылады деп жоспарланады.

Курс барысында институт директоры Бауыржан Елеусінов қазіргі білім берудің өзекті мәселелері, білім беруге қойылатын

негізгі талаптар, оқу процесін жетілдіру мен дамытудың маңызды мәселелері, Байқоңыр мектептерінің ҚР білім стандартына көшуіне байланысты алдағы уақытта атқарылатын ауқымды істер жөнінде кеңінен мағлұматтар берді. Сондай-ақ, институт профессор-оқытушылары мен әдіскерлері курс тыңдаушыларына «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты», «ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», тақырыптары бағытында дәрістер оқыды. Курс барысында «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы және Кембридж университетінің Білім факультеті (Ұлыбритания) бірлесіп дайындаған мұғалімдерге арналған деңгейлік курс бағдарламасының негізгі элементтері және басқа да өзекті тақырыптар қамтылды. Тыңдаушылардың белсене қатысуымен «Тарих пәні мұғалімінің педагогикалық кәсіби құзыреттілігін дамыту жолдары» тақырыбында курсшілік конференция және «Тарих пәнін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері» тақырыбында «дөңгелек үстел» өткізілді. Соңында барлық тыңдаушыларға біліктілік сертификаты табыс етілді.

Бактыбай БЕРДІБАЕВ.





САЙЛАУ – 2015

БЕРЕКЕ БАСТАУЫ БІРЛІКТЕ



Кеше 20 сәуір күні Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидат Н.Ә.Назарбаевтың Республикалық қоғамдық штабының мүшелері Солтүстік Қазақстан облысының активімен, аймақтағы еңбек ұжымдарымен және этномәдени бірлестіктердің мүшелерімен кездесті.

Делегация құрамында Республикалық қоғамдық штаб басшысы Мұхтар Құл-Мұхаммед, Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары Анатолий Башмаков, Қазақстан Патриоттары партиясының төрағасы Ғани Қасымов, «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев, «Бірлік» партиясының төрағасы Серік Сұлтанғали, ҚР Парламентінің депутаттары Майра Айсина, Бақытжан Ертаев, Айгүл Соловьева және Абай Тасболатов, ҰЕҰ, ғылыми және шығармашыл зиялы қауым мүшелері, сондай-ақ белгілі қоғам қайраткерлері бар.

Н.Погодин атындағы орыс драма театрының залында облыс активімен кездесу өтті. Жиында тәуелсіз еліміздің дамуына Елбасының қосқан үлесі ерекше екені атап өтілді. Аймақ жастары атынан кездесуде телекоммуникациялық компанияның қызметкері Елена Косенкова сөз сөйледі. Оның айтуынша, қазақстандықтардың жас ұрпағы Нұрсұлтан Назарбаевтың бағытын қолдайды.

«Президент жастарға ерекше көңіл бөледі. Біз үшін ол ең озық мектептер мен университеттерді салып берді, Елбасы біз үшін «Болашақ» және «Дипломмен – ауылға!» бағдарламаларын жасады. Бүгінде қазақстандық жастарда әлемдегі ең үздік білім алуға, жақсы жұмысқа орналасуға мүмкіндіктері бар және олар өз болашағына сеніммен қарайды. Мемлекет башысының бұл қамқорлығын бағалаймыз және тек қана Нұрсұлтан Назарбаевқа дауыс беретінімізді бірауыздан жеткізіміз келеді», – деп атап өтті Е.Косенкова.

Петропавл ауыр машина жасау зауытында РҚШ мүшелерімен кездесуде зауыт жұмысшылары өнеркәсіптік өндірістің қарқынды дамып келе жатқанына тоқталды. Мәселен, 2014 жылы Елбасының индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында СҚО-да 4,5 миллиард теңгеге 4 нысан салынды. Мыңдаған жұмыс орны ашылды.

«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ жұмысшысы Нина Щербинина былай деді: «Зауытта ұзақ жылдардан бері жұмыс істеймін. Бұл сайлауда да дауысымды біздің Көшбасшымыз – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа беремін. Өйткені Президентіміздің тарапынан үнемі қолдауды сезінеміз! Жұмысшылар Елбасына дауыс береді».

Келесі кездесу барысында облыстағы этномәдени бірлестіктердің өкілдері Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқының бірлігін нығайтудағы ерекше рөлін атап өтті.

«Қазақстан – біздің Отанымыз, біз туған жеріміздегі бейбітшілік үшін жауаптымыз. Біз – этномәдени бірлестіктердің өкілдері – Президентімізге бірлік пен ауызбіршілік, келісім мен достық үшін ризамыз. Мен балаларым мен немерелерімнің бейбітшілік пен келісім ордасында өмір сүргендерін қалаймын. Сондықтан Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа дауыс беремін!» – деп атап өтті «Қазақстанның орыстар қауымы» облыстық филиалының төрағасы Николай Авдеев.

РҚШ мүшелерінің СҚО-ға жасаған сапары «Молпродукт» зауытында аяқталды. Оның жұмыскері Диана Хайрулина кәсіпорынның 2009 жылы Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауының арқасында құрылғанын атап өтті.

КЕЛЕШЕККЕ НЫҚ ҚАДАМ

Күн санап Қазақстан Республикасы Президентін сайлау сәті жақындап келеді. Бұл сайлауға бәріміз біркісідей қатысып, өзіміз таңдаған кандидатқа дауыс берсек, еліміздің болашағы жарқын, экономикалық дамуы қарқынды болары, халқының әлеуметтік жағдайы жақсарары хақ.

Президенттік сайлау өткізу – ел мүддесі үшін маңызды да жауапты шешім. Бұл қадам еліміздің кемел келешегі мен баянды болашағын қалыптастыру жолында халқымыздың бірлігін арттырып, біртұтастығын нақтылайтын кезең болып табылады. Жүзден астам ұлттар мен ұлыстар арасындағы татулық пен бірлікті, ынтымақ пен достықты нығайта отырып, кемел келешекке нық қадам жасауға негіз қалайды. Тарихи Отанымыздың өткенін сараласақ, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ел басынан көптеген қиындықтар өтті. Мәселен, зауыт-фабрикалар жабылып, ірі кәсіпорындар орны толмас шығынға ұшырады, құрылыс жұмыстары тоқтады. Солай болғанымен де халық мойымалды. Ертеңге деген сенім жоғалтпай, еңбек ете білді. Көшін жүре түзеген Қазақ елі қазір әлем назарында. Алға қойған нақты бағдарламалары, оны жүзеге асыратын еңбекшіл халқы бар ел ешқашан кері кетпейді.

Өркендетті елдерге қарап даму сатысын нақтылап алған Қазақстанның алар асулары бұдан да биік, бұдан да күрделі бола берері хақ. Алдағы аралың күндерге қол созған мемлекетіміздің өрге елдермен терезесі теңеліп, мәртебесі артын десек, әрбір сайлаушы сайлау күні өз таңдауын жасауы тиіс. Сонымен қатар өз таныстары мен отбасы мүшелерінің, ағайын-туысының, көрші-көлемінің сайлауға қатысуына мұрындық болғаны да абзал.

Зафура ЕРНАЗАРОВА,
“Бегім ая” балабақшасының меңгерушісі.

КЕЛЕР КҮННЕН ҮМІТ КӨП

Осыдан жиырма төрт жыл бұрын еркіндік алған Қазақстан қазір әлеуметтік-экономикалық дамудың табысты көрсеткішіне, бейбітшілік пен ынтымақ, бірліктің нағыз үлгісіне айналды. Әрине, бұл жетістік оңайлықпен келген жоқ. Болашақты қапысыз бағдарлаудың арқасында бүгінгі биікті бағындырдық. Мысалы, ширек ғасырда өзін қызмет ететін теміржол саласы айтарлықтай өркендеді. Жолдар салынып, тұтас стансалар бой түзеді. Мамандарға баспана беріледі. Қай салада да осындай серпілді тірлік бар.

Бүгінде қазақ елін танымайтын ел кемде-кем деп толықтай айта аламыз. Тез қарыштап, дамып келе жатқан қақ мемлекетке қызығушылықпен қарайтындардың қатары артауда. Аз уақыттың ішінде көптеген жетістіктерге қол жеткізіп, мықты елге айналды. Біз бұны мақтан тұтамыз.

Сондықтан да болашағымыз үшін жауапкершілік жүгін шынайы аркалап, әрбір қызылордалық сайлау күні өз үлесіне кесіні барып дауыс береді деп ойлаймын.

Аккерже СУНДЕТОВА,
«Тұппар ТрансСервис» ЖШС мекемесінің технологиясы.

ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ОРНЫ БӨЛЕК



Кеше Қазақстан Коммунистік Халық партиясы атынан ҚР Президенттігіне кандидат Тұрғын Сыздықов Щучинск қаласындағы «ҚТЖ ҰК» АҚ локомотив депосы жұмысшыларымен кездесті.

Кездесуді аймақтық штабтың жетекшісі, Ақмола облыстық комитеттің бірінші хатшысы Б. Мәжитов жүргізді.

Кездесу барысында кандидат Сыздықов өзінің сайлауалды тұғырнамасының басты бағыттарымен таныстырды:

«Қазақстан Коммунистік Халықтық партиясы марксизм-ленинизм ғылымы мен идеяларына және қоғамдық дамудың материалистік теорияларына сүйеніп қызмет атқарады. Кездесу кезінде кандидат батыстық стандарттар мен тұтынушылық мәдениеттің теріс ықпалына тоқталып өтті.

«Батыс мәдениеті бұл үлгі аларлық қағидат емес, өйткені батыстық құндылықтар, шындығына келгенде жалған. Тұтынушылыққа деген бетбұрыс жастардың бағдарын өзгертеді. Бұл Батыста дүниеқоңыздық туғызып, материалдық қажеттілікті қанағаттандыруды өмірдің мәні деп қарастыратын құндылықтарды қалыптастыруда», – деп бастады өз сөзін ҚР Президенттігіне кандидат.

Кандидат Т.Сыздықов «Бейбітшілік, адамгершілік, интернационализм – адамзаттың бүгінгі даму кезеңінде басты құндылықтарға айналуға. Жасампаздық және толеранттылық құндылықтары даму мен прогрестің басты жолдары ретінде әлем сахналарынан көптеп айтылуда. Әлемдік саясат барлық елдердің адамзат үшін бейбітшілікке ынтымақтасуын алдыңғы қатарға қойып отыр» деген пікірін жеткізді.

Жақыныңа деген сүйіспеншілік – бұл анамыздың сүтімен берілген халқымыздың дәстүрі. Тарихи қонақжайлық, ілтипаттылық, отбасылық құндылықтар мен үлкендерге деген құрмет бізді бүкіл әлеммен байланыстыруға мүмкіндік береді. Мұның барлығы біздің жерімізде қалыптасқан сенім мен жасампаздықты мазмұнға толтырады. Сондықтан тұрақтылық пен өркендеу одан әрі терең мағынаға және мазмұнға ие болады.

ҮГІТ ЖҰМЫСТАРЫ ҮЗДІКСІЗ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Кеше ҚР Президенттігіне кандидат Т.Сыздықовтың облыстық сайлауалды штабтары атқарылып жатқан жұмыстары туралы есеп берді.

«26 наурыздан бері облыстық сайлауалды штабы ҚР Президенттігіне үміткер Тұрғын Сыздықовты қолдауға бағытталған шаралар өткізілуде», – деп мәлім етті партияның Қызылорда облысы бойынша облыстық комитетінің жетекшісі Т.Телеубаев.

Оның айтуынша, Т.Сыздықовтың сайлауалды баяндамаларында ерекше орын ғасырлар бойы қалыптасқан, халықтар мен ұлттар арасындағы бейбітшілік пен келісімділікті қамтамасыз ететін жалпы адамдық құндылықтарға арналған. Қоғамдық идеалдарды батыстық тұтынушылық стандарттардың алмастыруы жастарды «тоғышар тұтынушыға» айналдыруы мүмкін.

Т.Телеубаев үгіт-насихат науқаны кезінде партияның басты назары батыстық мәдениет пен құндылықтардың кері әсеріне бөлініп отырғанын мәлім етті.

Павлодар облыстық комитет жетекшісі Г.Нұғманова да ҚХҚП ұсынған ҚР Президенттігіне кандидат Т.Сыздықовтың сайлауалды штабының жұмыстарына сәйкес, сайлаушылар арасында үгіт-насихат жұмыстары қарқынды жүріп жатқанын айтып өтті. Үгіт-насихат жұмыстары штаттық жоспарға сәйкес, ешқандай кедергілерсіз өтуде.

Сонымен қатар Г.Нұғманова Тұрғын Сыздықовтың сайлауалды тұғырнамасының тезистерін назардан тыс қалдырған жоқ.

ШТАБТАР ЖҰМЫСЫНА БАҒА БЕРІЛДІ



Кеше Астанада Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидат Әбілғазы Құсайыновтың аймақтық сайлауалды штабтары жетекшілерінің слеті өтті. Іс-шараға Президенттікке кандидат Ә.Құсайыновтың барлық аймақтық сайлауалды штабтарының жетекшілері мен сенімді өкілдері қатысты.

Шараны Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттың республикалық сайлауалды штабы аймақтарда жүргізілген насихат жұмыстарының алдын ала қорытындысын шығару үшін ұйымдастырған болатын. Слет барысында Ә.Құсайынов шара қатысушыларына өңірлерде жүргізілген жұмыстары жайлы және жоспары туралы баяндап берді. Әбілғазы Құсайынов белсенді үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, сайлаушылармен жоғары деңгейде кездесулер ұйымдастырғаны үшін аймақтық сайлауалды штабтардың жетекшілері мен сенімді өкілдеріне алғысын білдірді.

– «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңында бекітілген уақыт аралығында сіздердің қолдауыңызбен өз кандидатураның үлесіне 132 мың дауыс жинап, тіркеуден сәтті өттім. Осы уақыттан бері ұйымдастырушылық жұмыстар қызу басталып, демалысқа да, мерекеге де қарамастан бірде-бір рет бәсеңсеген емес. Жолдың жартысынан көп бөлігін артқа тастадық, енді «сағаттарымызды теңестіріп», үгіт-насихат науқанының қалған уақытында атқарар жұмысымызды одан әрі жетілдіру үшін ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды тыңдауға әзірмін», – деді Ә.Құсайынов.

Іс-шара барысында республикалық және аймақтық сайлауалды штабтардың жетекшілері баяндама жасады. Республикалық штаб жетекшісі Р.Жоламан ҚР Президенттігіне кандидат Ә.Құсайыновтың сенімді тұлғаларының белсенді жұмысына өз бағасын берді.

Сондай-ақ, Р.Жоламан аймақтардағы штабтардың жұмыс нәтижесін көрсететін кейбір сандарды мысалға келтіріп өтті.

Р.Жоламанның айтуынша, үгіт-насихат науқаны кезінде республика бойынша кандидаттың 36 билборды орнатылып, 25 мың плакаты ілінді, 10 мың бағдарламасы таратылды. Телеарналарда екі насихат ролиті көрсетіліп, 7 аймақта сайлаушылармен 18 кездесу ұйымдастырылды. Сонымен қатар 214 адамнан құралған сенімді өкілдер командасы құрылды.

Сөзін қорытындылай келе, Р.Жоламан алдағы уақытқа жоспарланған міндеттерді айқындап берді.

Сонымен қатар слетте кандидаттың Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қарағанды және Қостанай облыстарындағы сайлауалды штабтарының жетекшілері сөз алды.

Аймақтық сайлауалды штаб жетекшілерінің айтуынша, кандидат аймақтарда сайлаушылармен, жұмысшылар ұжымымен бірқатар кездесулер өткізіп, өз сайлауалды тұғырнамасына қатысты сұрақтарына жауап берді.

«Солтүстік Қазақстан облысында кандидат жұмысшылар ұжымымен үш кездесу өткізіп, онда экология және өнеркәсіптік қауіпсіздік тақырыптарына қатысты біраз күрделі әрі өзекті мәселелер көтерілді. Атап айтқанда, Ә.Құсайынов «СевКазЭнерго» кәсіпорнының, «Қызылжар су» коммуналдық мекемесінің жұмысшы ұжымымен кездесті. Кездесуде сайлаушылар кандидаттың сайлауалды тұғырнамасының негізгі бағыттарымен танысты.

Сонымен қатар Әбілғазы Құсайынов аймақтағы штаб жұмысымен танысып, бірқатар тапсырмалар берді», – деді СҚО-дағы сайлауалды штабының жетекшісі Ольга Клишина.

«Қостанай облысында кандидат жергілікті жұртшылықпен кездесті. Кездесуге келгендер Ә.Құсайыновқа сайлауалды тұғырнамасына қатысты сұрақтар қойып, оған нақты әрі толымды жауап алды. Облыста жұмыс жалғасып жатыр», – деп атап өтті Қостанай аймақтық штабының жетекшісі Бауыржан Тибеев.

Қарағанды облысындағы аймақтық штаб жетекшісі Гүлжан Ажжолова да Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидат Ә.Құсайыновтың сенімді өкілдерінің белсенді жұмысын ерекше атап өтті.

«Біздің өңірде кандидаттымыздың сайлаушылармен жеке кездесуі жоспарланбаған, соған қарамастан сенімді өкілдері оның сайлауалды тұғырнамасын түсіндіру бойынша белсенді жұмыс жүргізіп жатыр. Аймақтық штаб жұмысының қарқыны да жоғары. Барлық қажетті материалдар қолымызда бар. Жалпы, облыстың барлық аудандарындағы кандидаттың сенімді өкілдері сайлаушылармен жұмысын тиісті деңгейде атқарып жатыр», – деп атап өтті Гүлжан Ажжолова.

Іс-шара барысында аймақтық штабтар өзара тәжірибе алмасып, кездесуге қатысушылардың сауалдарына республикалық штабтың заңгерлері мен есепшілері жауап берді.

СЫР БОЙЫН КҮЙ САЗЫ ТЕРБЕДІ

Бұдан бұрын ұлттық кәсіби музыка өнерінің қарашандары, дүниежүзілік және халықаралық байқаулардың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген ұжымы, «Халықтар достығы» орденді Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрінің Сыр еліне гастрольдік сапары басталғанын хабарлаған болатынбыз. Осыған дейін Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш және Сырдария аудандарында өнер көрсеткен ұжым жексенбі күні облыс орталығының өнеруері қауымына арнап концерт қойды. «Сыр елі – жыр елі» атты гастрольдік сапар Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы, Улы Аса, самбасының 70 жылдығы және «Байқоңыр» газеті меншігінің 60 жылдығына арнай ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған.

Композитор Ахмет Жұбанов негізін қалаған оркестр қазақтың музыка өнерінің күллі әлемге танытып жүр. Дүниенің қай түпкіріне барса да, ондағы талғампаз көрермен оркестрдің орындау шеберлігіне орындарынан тік тұрып қол соғады. Далаңы дүбірлеткен күйлерді, әлемдік классикалық музыканың інжу-маржандарын толықпен оркестрдің концерті өте жоғары деңгейде өтті. Оркестрдің бас дирижері мемлекеттік «Дарын» Жастар сыйлығының иегері Арман Жүлдебаев,

дирижерлер Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Жанас Бекенұтұров, Мәдениет қайраткері Жексен Айсының бас қаруымен оркестр Құрманғазы, Тәттімбет, Дуалеткерей, Ықылас, Қазанғап, Дина сыйлығы күй айтыптарының мұраларын орындады. Қобыздан төгілген Қорқыт күйлері ұлы ұзанның тыныс тапқан мекенінде ерекше ықпаласқа не болды. Сонымен бірге ұжым Штраус, Пуччини шығармаларынан, Шәмші, Әсет әндерін шауып шапты.

Концерте Мемлекеттік «Дарын» Жастар сыйлығының иегері Батыржан Мықтыбаев, халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаттары Торғын Смайлова, Қалышарт Сәтбаев, Ардақ Итеев, Асыл Сәдуақасқызы өнер көрсетті. Шашубайдың әнін айтаң дестүрлі әнші Ерлан Рысқалиға көрермен «Молдабайдың әні» қоса орындауға қолға салды. Осы кеште Ерланның орындауында Шегенді термесі де көрермен ықыласына бөленді.

Концерт соңында көрермендер өнер ұжымының бай репертуарына, орындаушылық шеберлігіне, ұлттық өнерді сағ атқанды жарқыратқан жанашырлықтарына құрмет көрсетіп, ұзақ қол шапалақтады.

Оркестрдің гастрольдік сапары одан әрі Шпелі және Жаңақорған аудандарында жалғасады.

М.МЕРЕЙ.

● ТАНЫМ

XIX ғасырдың орта кезінде Сұлутөбенің түстігіндегі Келес деп аталатын жерден сағасын Сырдариядан алған Көксу өзеінің суы молынан ағып жатқан. Бұл кезде осы аймақта қыпшақ ағайын қоныстанған еді. Патша өкіметінің бұрынғы хандық билікті жойып, биліктің жаңа реформасы болыс, ауылдай институтын енгізген кезі болатын.

ҚАМЫСБАЙ ТОҒАНЫ

Көксудағы су тасқындан, өзек арнасынан асып қаншама жерлерді су шайып жататынды. Ағайынның ішінде қырға көшуге барлығы көлікті бола бермейтіні белгілі. Тың жатқан жер, мол ағынды су бар,енді егіншілікпен айналасуды Келесбай ұлы Қамысбай әкеміз ұйымдастырады, көпшілік бұл кісінің бастамасын қолдайды. Бұрынғы су шайып кететін жерлерге бірнеше шақырымға созылған тоған соқтырады. Мұны жұртшылық «Қамысбай тоғаны» деп атап кетеді. Кейін арнаулы балық аулайтын «Красный Октябрь» атты ұжымдық шаруашылық құрылады. Шаруашылық орталығы Сұлутөбе стансасында орналасқан. Көксу өзегі бойында балық аулайтын бірнеше бригада ұйымдастырылады, соның бірі Ақтоған бөлімшесі болатын. Осы Ақтоған елді мекенінің аталуы Қамысбай соқтырған тоғанның атымен байланысты болатын.

Көксу өзеінің екі жағы мыңдаған гектар алапты алып жатқан көлдер тізбегі болды, бұл көлдерде балықтың өсімі ерекше еді. Сол балықты аулаудың әрекетіне кірісіп жігітен ау, қамыстан қаза тоқыды, бұрынғыдай қамыстан буылған салы ғана емес, тактайдан қайық жасау да игерілді, енді қайықпен көлдердің кез келген жеріне барып, балық аулау мүмкіндігі тулды. Ауланған балық күнделікті тұтындан артылып қалатын болған. Балықты тірлілей сақтаудың жолын Қамысбай әкеміз тапты, Қаражынғыл деп аталатын үлкен көл бар, сол көлге сұғына еніп жатқан жал төбешік бар, сол төбенің баурайынан үлкен апан қаздырып, көлдің суымен кішкентай жалғастырып қойған. Ауланған балықты сол сулы апанға тірлілей салып қоятын болды, керек кезінде сүзгімен алып отырған. Мұны жұртшылық «Қамысбай сәдогы» деп атап кеткен, сәдок – балықты тірлілей

сактайтын сулы орын, сол апанның қазіргі кезде орны жатыр.

Ауыл тұрғындарын игілікті істерге ұйымдастырып берекелі тіршіліктердің ұйытқысы болған Қамысбайды «Би ата» деп атап кеткен. 1929 жылы басталған нәубеттен бас сауғалаған ағайын өзбек, қырғыз және тәжік елдеріне барып паналайды. Қамысбайдың кіші ұлы Иманбектің көзі ашық, сауатының болуына сәйкес, Сұлутөбе стансасын-

да ашылған ауылдық тұтынушылар кооперациясына жұмысқа орналасады.

Елде ұжымдастырудың (колхоздастыруды) аяқталуынан кейін көп ұзамай, ел ішінен «халық жауы» аталып айдауға кеткендер көбейе түсті. Елдің ішін үрей мен қорқыныш еңсе көтертпеді. Дегенмен, халық осы ауыртпалықтың барлығына төзе білді. Біртіндеп есін жиып, қалыпты жағдайға келе бастағанда 1941 жылғы соғыстың басталуы, халықты тағы да дүрліктірді.

Қамысбайдың үлкен ұлы ұзақ жылғы науқастан 1941 жылы қайтыс болған. Одан үш баламен жұбайы қалды. Ортаншы ұлы Әбдір Орал тауы төңірегіндегі зауыт жұмыстарына әкетілді. Кіші ұлы Иманбек соғыс басталған алғашқы айларда-ақ майданға аттандырылған. Одан бір қызы мен жұбайы қалған. Қарияның кемпірі мен жасөспірім қызы бар. Тек қана Иманбектің жұбайы Патима сауда саласында еңбекке араласады. Үш үйлі жанды бір кісінің табысымен асырау мүмкін емес екені белгілі. Келіндері мен жасөспірімдерге станса төңірегінде істейтін жұмыс көзі жоқ. Қамысбайдың жасы бұл кезде 78-ге келген. Бұл кісінің қолында күш көлігі – бір бас түйесі мен жарамды есегі бар еді. Соғыстан бұрынғы жылдары жайлауға көшкен ағайындармен ілесіп қырға шығатын-ды. 1942 жылы күнкеріс жағдайы қиындай түсті. Сол қиыншылықтан шығатын жолды қарастырған әкеміз, қырдағы «Ақ ши» деп аталатын жерден ши тартып әкелмекші болды. Ши Сыр бойындағы отырықшылар үшін ең керекті заты. Қазақтың көпшілігі қараша (киіз үйі) үйісіз болмайтын. Сыр бойында ши өспейді. Шидің сыртқы қабығын аршып мың данасын баулайды. Бұны бір қанат деп атайтын. Бір қанат шидің құны бір бас тоқты не бір пұт (16 кг) астыққа

бағаланатын.

Сұлутөбеден «Ақ шидің» арақашықтығы шамамен 240-250 шақырымдай болады. Қазіргідей салынған төте жол жоқ. Қырды жаз жайлағандардың сырға қайтқан кезі. Сол 1942 жылдың қазан айының аяғы кезінде бір немересі Бегалыны серік етіп, бірі есекке, бірі түйеге мініп, жолға шығады. Араға үш-төрт қонып, межелі «Ақ ши» жеріне жетеді. Азын-аулақ тыныстай, тамактанып ши тартуға кіріскенде милиция ұстап алады. Желеп тергетуге ала бастайды. Сұрағы «Соғыстан қашқан қашқындар қай жерде тығылып жүр? Олар неше адам, қандай, қанша қару-жарағы бар? Оларға қанша, қашан тамақ әкеліп беріп тұрасындар?». Бұл кісілер қашқындар жайлы ешқандай хабары жоқ екендігін, күнкөрістің қамымен ши тартып қайтатындығын айтады. Берілген жауаптарына сенбейді. Ақырында бұларды тепкі мен соққының астына алып қинайды. Атасы мен немересі ши алып қайтпақ түгілі елге аман-сау жетуге зар болды. Сол зардаптың салдарынан төсекке таңылған әкеміз, қараша айының аяғына қарай көз жұмады.

Соғысқа бастан-аяқ қатысқан кіші ұлы Иманбек 1946 жылдың соңында елге оралды. Ал Қамысбайдың үлкен қызы Жәміштің ұлы Кәкім Әбдіқалыров соғыстан елге аман-сау оралды. Сол кездегі аласапыран, екінші жағынан әскери қолбасшылықтың қателігінен бұл кісінің соғыстағы ерліктері дұрыс бағаланбай қалған. Шайқас кездеріндегі алған медальдары мен ордендерінің реттілігі есептелініп, жіберілген қателік оң шешімін тапты. Нәтижесінде Әбдіқалыров Кәкімге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Қазіргі уақытта Қызылорда қаласындағы «Тағызмалаңында» гранитке ойып жазылған белгісі облыстан шыққан 22 батырдың қатарын толықтырып тұр. Қанды шайқасты бастан өткеріп, ерлік жасаған Әбдіқалыров Кәкімге Қызылорда қаласынан бір көшенің атауы бұйырмай тұрғаны өкініш тудырады.

Осылайша өмірден өткен Қамысбай әкеміздің үш ұл, үш қыздан ерген ұрпақтары 300-ге жетті. Бүгінгі таңда өз кіндігінен қалған ең кіші қызы Қызылорда қаласында тұрады.

Осы айтылған ойлардың жарыққа шығуына түрткі болған Ұлы Жеңістің 70 жылдығы. Тек бейбітшілік заман мен еркін еңбектің куәсі бола берейік.

Жолдыбай НҰРЫМЖАНҰЛЫ,
тыл және еңбек ардагері.



Қызылорда қаласындағы Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Бейбіт өмір сыйлаған Ұлы жеңіс!» атты әлеби-музыкалық кеш ұйымдастырылды. Бұл шара Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналды.

Атамыш іс-шараға арнайы шақырылған соғыс ардагерлері – Тәнеш Оразов, Бөрібай Құлманов, Сәрсенбай Бақтыбаев ел басына күн туған отты жылдарды еске түсіріп, қаһармандық көрсеткен майдандас ержүрек жауынгерлер туралы әңгімеледі. Облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары К.Ермағанбетова майдандарлерді мерекемен құттықтап, ескерткіш сыйлықтар табыс етті.

М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжнің студенттері Қ.Сатыбалдиева, Х.Мұхаммед, М.Шамша, М.Батырхан, Т.Жаңалық, А.Изкеновалар «Қатпаша», «Огонек» «Мәшһүк ту-



ралы ән», «День Победы» әндерін орындады. Осы колледж студенттері сахналаған «Батыр қыз – Мәшһүк» қойылымы көрермендер көңілінен шықты. Көпсалалы «Қызылорда Ұлағат» колледжнің студенттері А.Сағынаева, «Өркенит» медицина колледжнің студенттері Н.Сунақ, С.Нұрбақыт, кітапханашы Ж.Сәрсеновалар соғыс тақырыбына жазылған өлеңдерді нақышына келтіре оқыды.

Кеш тақырыбына орай «Отты жылдар шежіресі» атты кітап көрмесі жасалып, оған соғыс тарихынан сыр шертетін кітаптар мен фотоальбомдар, газет-журнал материалдары мен суреттер қойылды. Іс-шараны облыстық кітапхана директоры Н.Мырзамұратова қорытындылады.

Ақбота ТАЛАПТАН.

МЕРЕЙЛІ БЕЛЕСТЕР ЖЫЛЫ

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ демеушілігімен қалалық кітапханалар жүйесінде Қазақ хандығының – 550, Ұлы Жеңістің – 70, Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай байқаулар өткізілді.

1465 жылы Керей мен Жәнібектің Шу мен Талас өзендерінің арасындағы аймаққа орналасып, қазақтың туын көкке көтергеніне биыл 550 жыл толады.

Ел тарихты түгендейтін осы бастама аясында өткен «Бабалар салған сара жол» атты байқау барысында «Қазақ тарихы тереңнен сыр шертеді», «Бабалар сөзі», «Бабалар аманаты – бірлік», «Ту көтерген қазақ хандығы» атты кезеңдер бойынша талапкерлер Қазақ хандығының құрылу тарихы, жонғар шапқыншылығынан кең-байтақ жерді аман алып қалған хандар мен батырлар жайлы аңыз әңгімелер, шешендік сөздерді мәнерлеп оқып, тарихи тұлғалар жайлы қойылым көрсетті.

Отан үшін от кешкен майдангер аталарымыздың ерлік істерін бүгінгі ұрпаққа өнеге тұту және оларды мәңгі есте сақтау, жастардың патриоттық сезімдерін қалыптастыру мақсатында өткізілген «Қаламымен қаруланған қайсар жау-

ынгерлер» атты байқау барысында талапкерлер қазақтың көрнекті ақын-жазушыларды, Ұлы Отан соғысының ардагерлері Б.Момышұлы, К.Қайсенов, Ә.Нұршайықов, Ә.Шәріпов, К.Исабаев, М.Ғабдуллин, І.Есенберлин шығармаларынан көрініс көрсетіп, соғыс тақырыбына арналған монолог, өлең-жырларды оқыды.

Мемлекет басшысы кезекті Жолдауында «2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы» деп жариялады. Ұлтымыздың ұлылығын ұлықтайтын, ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың феномені – Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналған «Қазақстан – достық мекені» атты байқауға қатысқан өзге ұлт өкілдері «Бірлігі жарасқан елдің ырысы мол», «Бір шаңырақ астындағы достық», «Ынтымақ, бірлік келісім – ең асыл бақыт ел үшін», «Қазақстан – достық мекені» кезеңдер бойынша өнерлерін көрсетті.



Қалалық кітапханалар жүйесі ұйымдастырған байқауларда виртуальды кітап көрмелері таныстырылып, әдістеме нұсқаулық құралдар, буклеттер жасалды.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ демеушілік көрсеткен байқау барысында өнер көрсеткен жеңімпаздар және кәсіби шеберліктері үшін үздік танылған кітапхана қызметкерлері сыйлықтармен марапатталды.

Ластан ДЕМЕСБАЙ.
Суретті түсірген **Андрей ТАЙГ УНОВ.**

ҚАЗАҚ-ТҮРІК ЛІЦЕЙІ 6-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫ АУДАН ОРТАЛЫҚТАРЫНДА ӨТЕТІНДІГІН ХАБАРЛАЙДЫ

Арал ауданы №260 орта мектеп
Қазалы ауданы №216 орта мектеп
Қармақшы ауданы №250 орта мектеп
Жалағаш ауданы №246 орта мектеп
Сырлария ауданы №35 орта мектеп
Шнелі ауданы №45 мектеп-гимназия
Жанакорған ауданы №11 мектеп-гимназия

Барлық сұрақтар бойынша байланыс телефоны: 22-85-95, 21-28-91.

ТҰТЫНУШЫЛАРДЫ ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІНЕ /ЖЕЛІСІНЕН ҚОСУ/АҒЫТУ ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ КЕЛІСІМ-ШАРТЫН ЖАСАУ ТУРАЛЫ

Қазіргі таңда «Энергосервис» ЕЖШС тұтынушыларды электр желісіне/желісінен қосу/ағыту қызметіне мұқтаж болуына байланысты осы қызметпен айналысуға келісім-шартқа отыруға ниет білдірген және тиісті лицензиясы бар барлық кәсіпорындарды коммерциялық ұсыныстарын Қызылорда қаласы, Әуезов көшесі 19 мекен-жайына жолдауын сұраймыз, тел.: 26-34-22, 26-24-04, 8 747 347 83 83 (Ғалымжан).

«Энергосервис» ЕЖШС **әкімшілігі.**

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алтын дән ШЖК» ЖШС кезектен тыс жалпы жиналыс өтетінін барлық серіктестік қатысушыларына хабарлайды.

Күн тәртібінде: «Ақтобе» ауылының серіктестікке қатысушыларының жер үлесінен шығу және бөлу туралы берген арыздарына сәйкес «Алтын дән ШЖК» ЖШС Жарғылық қорынан шығуы.

Жалпы жиналыс 2015 жылдың 6 мамырында сағат 10.00-де мына мекен-жайда өтеді: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №11 үй.

Егер қворум жиналмаған жағдайда жалпы жиналыс 2015 жылдың 8 мамырына сағат 10.00-ге осы мекен-жайға қайта шақырылады.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Палманова Назара Телманқызының атына М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық училищесін «Орта білім беретін мектептің бастауыш кластарында оқыту» мамандығы бойынша 28.06.1989 жылы бітіргені жөнінде берілген МТ-І №115499 дипломы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы серіктестік баспаханасының қойма менгерушісі Қасымхан Қыдырбаева анасы

Қалбибі Үлербайқызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ұжымы басқарма қызметкері Қазбекова Гүлнар Шәкірқызына інісі

Бауыржанның

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамының әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті Құмкөл МДАҚ сусыздандыру және тұзсыздандыру қондырғысының 5-разрядты операторы Молдабаев Мақұлбек Оразбекұлына ағасы

Әмірбек Оразбекұлының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл қосып білдіреді.

2015 жылдың 17 сәуіргеі мүдікті жария етуге байланысты есептілігін қорытындысы

Аудан	Келіп түскен өтініштер саны	Оры
Қызылорда қаласы	271	1
Қармақшы ауданы	51	2
Жанакорған ауданы	39	3
Шнелі ауданы	17	4
Жалағаш ауданы	14	5
Қазалы ауданы	14	5
Сырлария ауданы	11	6
Арал қаласы	9	7
Арал ауданы	6	8
Қазалы қаласы	0	9

Қызылорда облысының қаржы басқармасы.

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр медиа

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәли ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43

Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73

экономика - 70-00-41, 70-00-68

әлеумет және саясат - 70-00-41

жарнама - 70-00-49, 70-00-52

өлеп-иқсал - 70-00-39, 70-00-38

зәңгер - 70-00-42

компьютер орталығы - 70-00-34

корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шнелі, Жанакорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Ақпараттар қолданыс тақырысы бойынша төмендегі қолданыс ережелеріне қана келтіріледі.

Жариялар газеттің үніменің қазырағы білдіреді. «Ақ» сөзінен шықпай.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Газеттің таралымына «Қазпошта» - 23-54-51, «Евразия-Пресс» - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Таралымы 22758

Тапсырыс № 385

Электронды оқылым 28000.